

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2025 жылдың 15-25 қараша күндері аралығында Дүниежүзілік балалар күніне арналған республикалық онкүндік ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

Онкүндік аясында төмендегідей іс-шараларды өткізуді ұсынады:

- «**Бақытты бала – бейбіт елдің тірегі**»- балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекет жүзеге асырып жатқан іс-шаралар туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналар қоғамдастықтарымен кездесулер өткізу;

- «**Қамқорлық және сүйіспеншілік**» - ата-аналар мен балалардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық консультациялар, тренингтер мен көмек көрсету үшін ашық есік күндерін өткізу;

- Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша кеңестер мен ұсынымдар алуы үшін педагогикалық қолдау орталықтарында ашық консультациялық алаңдарын өткізу;

- «**Түнгі қаладағы балалар**» - аудандық полиция, білім, жастар орталығымен бірлескен рейд ұйымдастыру;

- «**Интернетті білім алуда пайдалану: пайдасы мен қауіпі**» - жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында пікірсайыс турнирін өткізу;

- «**Менің құқықтарым**» - шығармашылық байқауы (эссе, сурет, бейнеролик) өткізу. Байқауға түрлі есепке алынған, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тарту;

- «**Мен және менің ата-анам**», «**Ынталандыру және жазалау**», «**Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі**» - жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарын өткізу;

- **Ақпараттық құттықтау** — білім беру ұйымдарында көрнекі жерлерге тақырыптық құттықтау мәтіндерін орналастыру. Сонымен қатар, әлеуметтік желіде Өзін-өзі басқару, «Жас Ұлан» ұйымы, «Бала өкілдіктерінің» қатысуымен Дүниежүзілік балалар күніне арналған республикалық онкүндік аясында тақырыптық сұрақ-жауап айдары, интеллектуалды ойындар, құттықтау челленджерін ұйымдастыру.

Аталған мереке аясында Республикалық онкүндік ұйымдастыру және өткізу **тұжырымдамасы** қосымша жолдай отырып, өткізілетін іс-шараларды мектептің әлеуметтік желідегі парақшаларында кеңінен жариялауды, қорытынды орындалуы туралы ақпаратты **26 қарашаға** дейін ұсынуды сұраймыз.

Қосымша: 8 парақта (тұжырымдамасы қаз және орыс тілінде)

Басшы



М.Сванов